

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Қызылорда медициналық жоғары колледжі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорны

«Бекітемін»
Қызылорда жоғары медициналық
колледжінің директоры
Қаймақова Ж.А.
« 02 » 09 2025 жыл

ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже колледждегі ішкі аудитті ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Ішкі аудит колледж қызметінің тиімділігін бағалау, білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің жұмысын жетілдіру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

1.3. Ішкі аудит колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінде, оқу, оқу-әдістемелік, тәрбие, әкімшілік-шаруашылық және басқа да қызмет бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

1.4. Ішкі аудит өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін, колледж Жарғысын, сапаны қамтамасыз ету бойынша ішкі нормативтік құжаттарды және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Ішкі аудиттің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Колледждің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігін бағалау және үздіксіз жетілдіру.

Міндеттері:

- құрылымдық бөлімшелер қызметінің сапасын бағалау;
- стратегиялық және жылдық жоспарлардың орындалуын талдау;
- нормативтік құжаттардың сақталуын бақылау;
- білім беру бағдарламаларының іске асырылуын бағалау;
- тәуекелдерді анықтау және алдын алу;
- сәйкессіздіктерді анықтау және түзету шараларын ұсыну;
- үздік тәжірибелерді тарату.

2. Ішкі аудиттің қағидаттары

Ішкі аудит келесі қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- тәуелсіздік;
- объективтілік;
- құпиялылық;
- жүйелілік;
- дәлелділік;
- ашықтық;
- үздіксіз жетілдіру.

4. Ішкі аудитті ұйымдастыру

4.1. Ішкі аудит жыл сайын бекітілген жоспар негізінде өткізіледі.

4.2. Колледж директорының бұйрығымен аудит тобы құрылады.

4.3. Аудиторлар құрамына әкімшілік өкілдері, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі мамандар, әдіскерлер және құрылымдық бөлімше басшылары енгізілуі мүмкін.

4.4. Қажет болған жағдайда жоспардан тыс аудит жүргізіледі.

5. Ішкі аудитті өткізу тәртібі

Ішкі аудит келесі кезеңдерден тұрады:

5.1. Дайындық кезеңі

- аудит бағдарламасын әзірлеу;
- аудит объектілерін анықтау;
- тексеру парақтарын дайындау;
- құжаттарды алдын ала зерделеу.

5.2. Аудит жүргізу кезеңі

- құжаттарды талдау;
- сұхбат жүргізу;
- бақылау және мониторинг;
- оқу сабақтарына қатысу;
- білім алушылар мен қызметкерлер арасында сауалнама өткізу.

5.3. Қорытынды кезең

- анықталған сәйкессіздіктерді тіркеу;
- аудит қорытындысы бойынша есеп дайындау;
- түзету және алдын алу іс-шараларын әзірлеу.

6. Аудит нәтижелерін рәсімдеу

6.1. Аудит нәтижелері бойынша есеп немесе анықтама жасалады.

6.2. Есепте:

- аудит максаты;
- тексерілген бөлімше;
- анықталған күшті жақтар;
- сәйкессіздіктер;
- ұсыныстар мен түзету шаралары көрсетіледі.

6.3. Аудит нәтижелері колледж әкімшілігінің, педагогикалық кеңестің немесе сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысында қаралады.

7. Түзету және алдын алу шаралары

7.1. Анықталған сәйкессіздіктер бойынша жауапты тұлғалар түзету жоспарын әзірлейді.

7.2. Түзету іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізіледі.

7.3. Қайталама аудит барысында қабылданған шаралардың тиімділігі бағаланады.

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. Осы Ереже колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.
- 8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес енгізіледі.
- 8.3. Ішкі аудит нәтижелері колледждің сапа менеджменті жүйесін жетілдіру және білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында пайдаланылады.